

# Пікірсайыс клубының ұйымдастырылуы





# Мазмұны

Кіріспе


Пікірсайыс клубының маңызы

Жаттықтырушы міндеттері

Тренингтер типі

Үйлестіруші міндеттері

Отырыстар құрылымы





## ПІКІРСАЙЫС ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Пікірсайыс - нақты құрылымдалған және арнайы ұйымдастырылған қоғамдық ой алмасу, екі тарап арасындағы өзекті тақырыптар бойынша талқы. Қоғамдық пікірталастың бұл түрі пікірсайысқа қатысушылардың бір-бірін емес, үшінші тарапты олардың дұрыстығына сендіруге бағытталған.

## ПІКІРСАЙЫС НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?


Пікірсайыс балаларға ораторлық өнерді, көпшілік алдында сөйлеу қабілеттерін үйретеді. Сондай-ақ, пікірсайыс сыни ойлау және әлем мен қоғамдағы жағдайларды сарау қабілеттерін дамытады.

# Кіріспе

# Клуб не үшін қажет?

Пікірсайыс клубы мектептердегі пікірсайыстарды үйлестіреді. Оқушылар мен жаттықтырушыларды біріктірумен айналысады, мектепішілік турнирлер мен отырыстар ұйымдастырады.

**Пікірсайыс клубының жұмысы үшін қажет адамдар:**  
Жаттықтырушы және үйлестіруші





# Жаттықтырушы міндеттері:

Оқушыларды пікірсайысқа келесілер  
арқылы үйрету:



## Тренингтер

## және

## Воркшоптар



# ПІКІРСАЙЫС НЕГІЗДЕРІ БОЙЫНША ТРЕНИНГТЕР



Негізгі тақырыптар тізімі:

- Тақырыпты қалай сараптауға болады
- Тақырып акторларын қалай сипаттауға және тақырыпқа контекст беруге болады;
- Өз кейсіңді қалай құрылымдау керек
- Аргументтерді қалай дәлелдеуге болады
- Қарсыластардың сөздеріне қалай қарсылық келтіруге болады
- Өз кейсіңнің артықшылығын қалай көрсетуге болады





# Тақырыптық тренингтер:


- Пікірсайыстағы экономика;
- Адам құқықтары;
- Азшылық топтар;
- Халықаралық қатынастар;
- (Жаттықтырушының қалауы бойынша өзге де тақырыптарды қарастыруға болады)

# Тәжірибелік жұмыстар

ПІКІРСАЙЫСТЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРДІ ДАМУҒА АРНАЛҒАН ӘР ТҮРЛІ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

Мысалға:

«Атысу» жаттығуы. Бұл жаттығуды өткізу үшін балаларды 2 топқа бөліп, оларға қарар беру қажет. Үкімет тобының спикеріне кейс түсіндіріліміне 3 минут уақыт беріледі. Үкімет сөзінен кейін оппозицияға қарсылыққа 1 минут, кейін үкіметке оппозицияға жауап қайтару үшін 1 минут беріледі, осылай кезекпен жаттықтырушы тоқтатапайынша жалғаса береді. Бұл жаттығу балалалардың жылдам ойлау қабілеттерін дамытып, аз уақыт аралығында жауап қайтаруға үйретеді.







# «Жеті неге ережесі»

## ЖАТТЫҒУЫ



Берілген тақырып бойынша спикер өз көзқарас нүктесін қорғауы қажет. Ол сөйлеп жатырған кезде «Неге? Қалай? Не үшін?» деген секілді сұрақтарды қою керек. Мысалы,

- Пікірсайыспен айналысу қажет деп ойлайсыз ба?
- Иә.
- Неге?
- Себебі бұл сіздің ой-өрісіңізді дамытады.
- Өз ой-өрісіңді не үшін дамыту керек?
- Бәсекелестермен салыстырғанда артықшылыққа ие болу үшін...

Бұл жаттығу спикердің кейсіндегі логикалық тізбектердің жақсылақ құрылуына және кейсте төрешіге түсініксіз аргументтердің болмауына көмектеседі.

«Stop and go» жаттығуы. Бұл жаттығуды өткізуде де алдымен қарар беріледі. Кейін спикерлер дайындалып, өз кейсін айта бастайды. Егер жаттықтырушы кейсті түсінбесе, оны жақсырақ ету механизмдерін көрсе, онда сөйлеп тұрған спикерді тоқтатып, қандай жері дұрыс емес екендігін көрсетіп, оны дұрыс жолға салады. Спикер қателігін түсініп, өз сөзін жалғастырады.

«Акторлы тізбек» жаттығуы. Кез-келген қарар белгілі бір акторға немесе адамдар тобына әсер етеді. Бірақ бұл қарар барлығына бірдей әсер етпейді. Бұл жаттығуды өткізу үшін оқушыларға қарар беріледі және жаттықтырушы оларды акторларға бөледі. Оқушылар тізбекке тұруы қажет: бұл тізбектің басында қарар қатты әсер ететін актор, ал әрі қарай кему ретімен тұрулары қажет. Кейін әр оқушы неге бұл орынды таңдағанын түсіндіреді. Бұл жаттығу балаларға қарарды әр түрлі жақтан бағалауға және бағалау критерийі неге олай болғанын түсіндіруге үйретеді.



# Жаттықтырушының өзге міндеттері:

2. Турнирлерге дайындау  
(командалардың/спикерлердің тиімді комбинацияларын анықтау)
3. Тренингтер /практикалық жұмыстар және т. б. кестесін құру
4. Мектепшілік турнирлерді ұйымдастыру  
(тақырыптар беру, төрешілерді табу)
5. Пікірсайысшылар үшін материалдық деректер қорын жасау

Дерекқорға мыналар кіруі мүмкін:

- Жаңалықтар порталы;
- Пікірсайыс бойынша тренингте;
- Мақалалар;



# Үйлестіруші міндеттері:



1. Балаларды клубқа тарту
2. Отырыс жоспарын құру
3. Балалардың белсенділігіне қарау
4. Балаларды турнирлерге сүйемелдеу
5. Мектепішілік турнирлерді ұйымдастыру (клуб отырыстары мен турнирлер өткізуге арналған орындар табы, турнир кестесі мен торын жасау және өзге де турнир кезіндегі ұйымдастырушылық сәттерге жауапты болу)

Екі топта (6-7,8-11)



6-7  
класстар



8-11  
класстар

Тілі: мектептегі білім алу тілі, ағылшынша

# Отырыстар



Отырыстар жиілігі: аптасына 2 рет (1-2 сағаттан)



# Отырыстар қалай өтеді?

1. Клуб жаңалықтары (жақын уақытта болатын турнирлер, өткен турнирлер бойынша қорытынды)

2. Әлем және Қазақстан үшін өзекті жаңалықтар

3. Тренингтер/тәжірибелік жұмыстар

4. АПФ раунды

## ТАҚЫРЫПТЫҚ ОТЫРЫСТАР

Мысалға, Жаңа жыл, Наурыз,  
Тәуелсіздік күні және т.с.с.



КЛУБТЫ ҮНТҮМАҚТАСТЫРУ  
МАҚСАТЫНДАҒЫ ЗИЯТКЕРЛІК  
ОЙЫНДАР

Мысалға, Quiz, Kahoot және т.с.с





# Сұрақтар?